ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 15 қазан №7119-24-00-2/11290 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Olimp Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі: Кузеров Б.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында бейне бақылау жүйесіне қызмет көрсету бойынша 08.02.2024 жылғы №36 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (1-қосымша). Шарттың жалпы сомасы 589 000 (бес жүз сексен тоғыз мың) теңге.

Жасалған шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші шарт бойынша ай сайын және тоқсан сайын қызмет көрсетуге міндеттенді.

Алайда, шартта белгіленген мерзімде жауапкер бейне бақылау жүйесіне қызмет көрсетуді жүзеге асырмады, сол арқылы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер бұзылды.

06.08.2024 жылы талапкер өнім берушінің өз міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты шартты бұзу туралы хабарлама жіберді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 22.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 28.11.2024
7119-24-3-1/10588

Шарт бойынша бейне бақылау жүйесіне қызмет көрсетуге 17.07.2024 жылы өтінім жіберілген, алайда шарттың талаптары бұзылып, белгісіз себептермен қызмет көрсетілмеген.

Шарт 20.09.2024 ж. бұзылған.

Шарт жасалған күннен бастап 2024 жылдың ақпан айынан маусым айына дейін 267 727.25 теңгеге қызмет көрсетілген. Шілде айынан бастап қызмет көрсету тоқтатылған.Орындалмаған міндеттеме мөлшері 321 272.75 (үш жүз жиырма бір мың екі жүз жетпіс екі теңге жетпіс бес тиын) құраған.

Талап қою берілген сәтте қызмет көрсетуді кешіктіру 23 күнді құрайды, демек, өндіріп алуға жататын өсімпұлдың мөлшері 7 389,9 теңгені құрайды.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өтеу туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Тараптар арасында арасында бейне бақылау жүйесіне қызмет көрсету бойынша 08.02.2024 жылғы №36 мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 589 000 теңгеге шарт жасалған. Жауапкер шарт бойынша ай сайын және тоқсан сайын қызмет көрсетуге міндеттенген. Алайда, шартта белгіленген мерзімде жауапкер бейне бақылау жүйесіне қызмет көрсетуді жүзеге асырмаған, сол себепті 06.08.2024 жылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберіліп.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 22.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 28.11.2024
7119-24-3-1/10588

20.09.2024 жылы шарт бұзылған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, қызмет көрсету мерзімдері кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда, Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не орындалмаған соманың 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда, Мерзімі өткен әрбір күн үшін міндеттемелер. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

Шарт жасалған күннен бастап 2024 жылдың ақпан айынан маусым айына дейін 267 727.25 теңгеге қызмет көрсетілген. Шілде айынан бастап қызмет көрсету тоқтатылған. Орындалмаған міндеттеме мөлшері 321 272.75 теңгені құраған. Қызмет көрсетуді кешіктіру 23 күн, өндіріп алуға жататын тұрақсыздық айыбының мөлшері 7 389,9 теңгені құраған.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Olimp Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 22.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 28.11.2024
7119-24-3-1/10588

«Olimp Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Olimp Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 7 390 (жеті мың үш жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбы және 222 (екі жүз жиырма екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Olimp Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 22.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 28.11.2024

7119-24-3-1/10588